

Е. З. ЕСБОСЫНОВ

«ӘЛ-ИДРАК...» ТІЛІНІҢ КЕЙБІР ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

XIV ғасырда Мәмлүк қыпшақтары тілі туралы жазылған, бірақ әлі күнге қазақ тіліне аударылмаған, жарияланбаған «Түркілер тілінің інжумаржандары кітабы» (ар.: *Kitab al-Idrāk li-lisān al-Atrak*) жазба ескерткішінің 1) грамматикалық мәтіні бөлімінің мазмұндық ерекшеліктерін нақтылау, 2) мәтін бөлімінде берілген ескі қыпшақ лексикасының құрамын, морфологиялық құрылымын, жалпы семантикалық топтарын анықтау, 3) сол арқылы жазба жадыгерліктің басқадай ескі қыпшақ ескерткіштері арасындағы қазақ тілі тарихына қатысты орнын айқындау маңызды жұмыстар қатарына жатады.

«Түркілер тілінің інжумаржандары кітабы» жазба ескерткіші мәмлүк қыпшақтарының тілі және кейбір ерекшеліктері туралы кейінгі орта ғасырдағы классикалық араб тілінде түзілген шығарма, авторы – Асир ад-Дин Абий (Абу) Хайиан әл-Андалуси (ابو الדיين ابى حيان الاندلسى). Абу Хайиан араб халифатының Андалузиядағы (Испания) мәдени орталығы Гарнат қаласында 1265 жылы туып, 1344 жылы мәмлүктер Египетінде қайтыс болды.

Шығарманың араб тіліндегі атауы – «*Kitab al-Idrāk li-lisān al-Atrak*» (کتاب الادرک لیسان الاتراک). Жазба жадыгерліктің екі көшірме нұсқасы бар: бірі – Стамбұлдағы Вели ад-Дин Ефенди кітапханасында 2896 нөмірімен тіркеуде тұр, нұсқаның көлемі 11x18; 18x26 см. Бұл нұсқа **Абу Хайиан Мухаммад бин Иусуф бин Али Иусуф ибн Хайианның** Хижа жыл есебі бойынша 712 (1335 ж.) жылдың, 20 рамаданында, бейсенбі күні жазып бітірген түпнұсқа шығармасынан 23 жыл кейін, яғни 735 жылдың 15 ақпанында жасалған көшірмесі; екіншісі – Хижа күнтізбесі бойынша 805 жылы раби‘а-с-сани айының 4 күні (1402 ж.) көшірмесі **Ахмад бин ‘Умар аш-Шафи‘ийи** қолымен Лазкие қаласында көшірілген [1]. Шығарма мәселелер мазмұнына қарай орындалған, шартты түрде екі топқа жіктелетін үлкен екі бөлімнен тұрады: I) *ескі қыпшақ тілінің грамматикасы туралы трактат*; II) *ескі қыпшақ тілінің сөздігі*. Мұндағы «Ескі қыпшақ тілінің грамматикасы» бөлімі іштей 1) «Сөзжасам дыбыстары» және 2) «Сөйлеудің құрылымдық заңдылықтары» деген екі бөлімге жіктелінеді.

Бұл жазба ескерткіш түркі халықтарының ортағасырлық құнды мұрасы ретінде үнемі назарда

тұтылып келеді. Соған орай, жазба ескерткіш тілі материалдарын А. Жафороғлы, Ә. Құрышжанұлы, З. Б. Мухамедова, А. И. Чайковская, С. Р. Боранбаев, Б. М. Сүйеркүл және т.б. зерттеушілер ғылыми айналымға тартты, осы жазба ескерткіштің түрлі тілдік ерекшеліктері туралы өртүрлі тақырыптармен байланысты мақалалар жариялады. Сонымен қатар, Қазақстанда 1969 жылы М. А. Маженова «Абу-Хайиан – исследователь кипчакского языка», Өзбекстанда 1969 жылы Н. А. Расулова «Исследования языка «Китаб аль-Идрак ли-лисан аль-Атрак» деген тақырыптарда кандидаттық, ал Түркияда 2001 жылы А. Мелек Өзигетин «Ебы Наууан-Kitabu'l-Ədrak li Lisani'l-Etrak – Fiil: Tariho-Karşılaştırmali Bir Cramer ve Suzlik Denemesi» докторлық диссертацияларын қорғады. Осы соңғы зерттеушінің хабарламаларына қарағанда Египеттің Каир қаласындағы Бас кітапханасында (Дару-л-фу-нунда) «Әл-Идрак...»-тың III қолжазба нұсқасы табылған көрінеді. [2; 3; 5; 6; 8; 9; 10; 11; 12; 13, 389; 14; 16]. Бірақ объективті жағдайларға байланысты өзірше ол нұсқаның факси-милиесін қолға түсіре алмадық.

Автордың пікірінше, ескі қыпшақ ауызекі тіліндегі жай сөйлемдер функциональдық қызметіне қарай үш топқа: 1) *талаба*, 2) *хабар*, 3) *'иншā'a* болып бөлінеді. «Талаба» тобына жататын фразалар: 1) *barğil* «барғын!, (сен) бар!», 2) *barma* «барма!»; «хабар» тобына: *Sancar turmus* «Санжар тұрыпты», «'иншā'a» тобына: *sattum* «(Мен) саттым». Мұндағы *barğil* «барғын!, (сен) бар!» тұлғасы *-ğil* аффиксі арқылы етістік түбірінен жасалған бұйрық райдың II жағы, ал *barma* «барма!» лексемасы қарсылықты мәнді *-ma* аффиксінің етістік түбіріне жалғануы арқылы жасалған бұйрық райдың екінші жағы болып табылады [3, 21-22]. «Талаба» және «'иншā'a» тобына жатады деп отырған лексемалардың бұл формалары «Бір мүшелі (компонентті) нөл орынды белгілі жақты сөйлем ...» [4, 35] болып табылады.

А. Хайиан ескі қыпшақ тіліндегі сөйлемдер баяндауыштарының жасалу жолына қарай: «1) есім баяндауышты және 2) етістік баяндауышты сөйлемдер болып екіге бөлінеді». Етістікті сөйлемдерді баяндауышының атқаратын қызметіне қарай сабақты (*белгілі*) және салт (*белгісіз*) категорияларын ажырата отырып, олардың «бұйрық (райы), өткен шақ, осы шақ, келер шақ категория-

ларымен» тығыз байланыста болатындығын атап өтеді [1, 117-118].

Ескі қыпшақ тілі лексикасын 1) *дара* (белгілі есімдер) және 2) *біріккен* (белгісіз есімдер) сөздер тобына жатқызған: қар.: 1) *er* «ер, еркек» және *et* «ет»; 2) *deuequš* «түйеқұс», *qabarčuqlu бага* «кабыршақты бақа».

Ескі қыпшақ тіліндегі сілтеу мағыналы жай сөйлемдер үлгілері: 1) *bu eudeginiñ quhdur* «бұл үйдегінің құлы» // *ua, bu eudegilerinñ quhdur* «Иә, бұл үйдегілердің құлы»; 2) *ol kim qocası korklıdır eudedir* «Ол кім? Қожасы үйде, көрікті» // *anlar kim qulları kırklıdır eudedir* «Олар кімдер? Құлдары үйде, көрікті». Бұл сөйлемдердің морфологиялық құрылымы: 1) «сілтеу есімдігі || зат есім + жатыс септігі + мекен үстеуі жұрнағы + ілік септігі || зат есім + тәуелдік жалғауының III жағы + көмекші сөз» // «қаратпа сөз || сілтеу есімдігі || зат есім + жатыс септігі + мекен үстеуі жұрнағы + көптік жалғауы + ілік септігі || зат есім + тәуелдік жалғауының III жағы + көмекші сөз», 2) «Сілтеу есімдігі || сұрау есімдігі, зат есім + тәуелдік жалғауының III жағы || сын есім + туынды сын есім жұрнағы + көмекші сөз + зат есім + жатыс септігі + көмекші сөз» // «сілтеу есімдігі + көптік жалғау || сұрау есімдігі || зат есім + көптік жалғауы + тәуелдік жалғауының III жағы || сын есім + туынды сын есім жұрнағы + көмекші сөз || зат есім + жатыс септігі + көмекші сөз». Мәтінде беріліп отырған ескі қыпшақ ауызекі тілінде қолданылған бұл сөйлемдердегі сөйлем мүшелерінің орын тәртібі: 1) бастауыш + анықтауыш + тәуелдік формалы күрделі есім баяндауыш // қаратпа сөз + бастауыш + анықтауыш + тәуелдік формалы күрделі есім баяндауыш. Сөйлем түрі жағынан II жақ мәнді, есімді, толымды жай сөйлем болып табылады; 2) III жақтағы сілтеу және сұрау есімдіктерінің тіркесінен жасалған сұраулы жай сөйлем: *ol kim* «Ол кім?» || бастауыш + көмекші сөз арқылы күрделенген бірыңғай есім баяндауыштар: *qocası kırklıdır eudedir* «Иесі – көрікті, үйде». Сөйлем түрі жағынан III жақ мәнді толымсыз жай сөйлемдер қатарына жатады. Сілтеу есімдігі + зат есім + көмекші сөз арқылы күрделенген есім баяндауышты жай сөйлем үлгісі: 1) *ol baluq jašdur* «ол балық жас (свежая рыба)», 2) III жақ, көптік мәндегі үлгісі: *ol bahqlar jasdur* «ол балықтар жас

(свежие рыбы)». Мұндағы *jašdur* тұлғасы қазіргі қазақ тілінде «жас ет» (свежая мясо) тіркесі түрінде қолданылады. Сөйлемнің синтаксистік құрылымы: анықтауыш + бастауыш + күрделі есім баяндауыш [1, 121;23]. 3) зат есім + көмекші сөз арқылы күрделенген зат есім тіркесі арқылы жасалынған жай сөйлем: *Sancar arslandur* «Санжар – арыстан сияқты»; 4) Қимыл есімі + үстеу мәнді сілтеу есімдігі + көмекші сөз арқылы күрделенген зат есім тіркесі арқылы жасалған жай сөйлем: *sančış bu kindir* «ұрыс осы күні (бүгін)».

Қолжазба мәтінінде ескі қыпшақ ауызекі тілінде қолданылған етістікті сөйлемдердің бірқатар үлгілері берілген:

1) III жақ, бұйрық райлы, толымсыз, етістікті жай сөйлем: *Sancar kelsin* «(Ол) Санжар келсін»; 2) II жақ, бұйрық райлы, бір мүшелі, нөл орынды белгілі жақты сөйлемдер: *kilgil* «(сен) күлгін», *kıstergil* «(сен) әжуала». Ауызекі тілдегі мұндай сөйлемдердің осы және келер шақ мәндері субъектіге мезгіл үстеулері арқылы беріледі; 3) бір мүшелі, нөл орынды белгілі жақты, келер шақ мәнді сөйлемдер: *barğajım* «(мен) барайын», *kelgejim* «(мен) келейін»; 4) зат есім + көсемше тұлғалы қимыл үстеуі + етістіктің тіркесі арқылы жасалған етістікті жай сөйлем: *Sancar turuptur* «Санжар түрегеп тұр»; 5) зат есім + етістік + келер шақ мәнді *-tacı* аффиксі + көмекші етістіктің тіркесі арқылы жасалған етістікті сөйлем: *Sancar turtačıdur* «Санжар тұрмақшы екен»; 6) көсемше формалы етістік + көмекші етістік + етістік тіркесі арқылы жасалған етістікті жай сөйлем: *turupeñtur* «тұрып ең, тұр!». Бұл жай сөйлемнің құрамындағы *eñ* лексемасының құрамындағы *-di* өткен шақ аффиксі түсіп қалған; 7) зат есім + көмекші етістік арқылы күрделенген, жатыс септігі формасындағы зат есім тіркесі арқылы жасалған етістікті сөйлем: *Sancar eudedır* «Санжар үйде еді (?)»; 8) зат есім + үстеу + көмекші етістік тіркесі арқылы жасалған етістікті жай сөйлем: *Sancar ardındadur* «Санжар артында тұр»; 9) зат есім + тәуелдіктің III жағындағы зат есім + өткен шақтың III жағындағы түбір етістік тіркесі арқылы жасалған етістікті сөйлем: *Sancar atası turdı* «Санжардың атасы тұрды»; 10) зат есім + тәуелдіктің III жағындағы зат есім + көсемше формалы қимыл үстеуі + етістік тіркесі арқылы жасалған етістікті жай сөйлем: *Sancar atası turuptur* «Санжардың атасы түрегеп тұр»; 11) зат

*Мәтінде берілген ескі қыпшақ ауызекі тіліндегі сөйлем үлгілерінің қазақ тіліндегі баламалары Әбу Хайианның араб тілінде берген аудармаларының мағынасына сөйкес берілді.

*Мәтінде *turtacıdur* сөзінің араб тіліндегі баламасы «ертең тұрады» деп берілген.

есім + көсемше формалы қимыл есімі + зат есімнен жасалған, III жақ, өткен шақтағы туынды етістік тіркесі арқылы жасалған етістікті жай сөйлем: *Sancar kuletun edi* «Санжар күлетін еді»; 12) зат есім + III жақ, инфинитив тұлғалы етістік + көмекші сөз + қарсылықты мөнді күрделі демеулік тіркесі арқылы жасалған қарсылықты мөнді етістікті жай сөйлем: *Sancar ciqmiş degul*, «Санжар (сыртқа) шыққан жоқ». Бұл сөйлемнің ескі қыпшақ ауызекі тілінде қолданылған көпше мағыналы варианты: *kisiler ciqmiş deguller* «кісілер шыққан жоқ». I жақ, көпше түрдегі қарсылықты мөнді толымсыз вариантының қолданылу үлгісі: *ciqmişlar degylbiz* «біз шыққан жоқпыз». 13) зат есім + жатыс септігі формасындағы сұрау есімдігі + көмекші сөз тіркесі арқылы жасалған жай сөйлем: *Sancar qajda idi* «Санжар қайда еді?». Осы сөйлемнің субстантивтік форма арқылы жасалған үлгісі: *sanciš qacan idi* «Найзаласу (жекпе-жек) қашан еді?». Ескі қыпшақ ауызекі тіліндегі осы сөйлемдер құрамындағы сөйлем мүшелерінің орын алмасып қолданылу варианты: *qajda idi Sancar* «қайда еді, Санжар?», *qacan idi sancis* «қашан еді, найзаласу?».

Сұраулы сөйлемдердің морфологиялық құрылымы: 1) заттанған есімше + сұрау есімдігінің тіркесі арқылы жасалған сұраулы сөйлем: *armağan qani* «құрбандық (сыйлық) қані?»; 2) зат есім + сұрау есімдігі тіркесі арқылы жасалған жай сөйлем: *Sancar qani* «Санжар қані?». Ескі қыпшақ ауызекі тілінде мұндай сөйлемдер құрылымындағы сөйлем мүшелерінің орын алмасатындығы байқалады: *qani Sancar* «Қані Санжар?»; 3) III жақтағы сілтеу және сұрау есімдіктерінің тіркесінен жасалған сұраулы жай сөйлем: *ol kim* «Ол кім?»; 4) сұрау есімдігі + көмекші етістік + жатыс септігі формасындағы зат есім тіркесі арқылы жасалған сұраулы сөйлем: *kimdir eude* «кім үйде?». Осы сөйлемнің ескі қыпшақ ауызекі тілінде қолданылған және бір варианты: *eude kimdir* «үйде кім?»; 5) Сұрау есімдігі + етістік + II жақ, жіктік жалғауы + туынды зат есім арқылы жасалған сұраулы сөйлем: *qacan bolduñ bilge* түрінде, ал «қашан ғалым болдыңыз?». Ескі қыпшақ ауызекі тіліндегі қолданым варианттары: *qacan bolduñuz bilgeler // bilgeler qacan bolduñuz* «қашан ғалым болдыңыз?»; 6) жатыс септік тұлғасындағы сілтеу есімдігі + зат есімнен жасалған, өткен шақтағы туынды етістік + II жақ жіктік жалғауының тіркесі арқылы жасалған етістікті сұраулы жай сөйлем: *qanda tuedi?* «қайда түнедің? (қайда қондың?)».

Шартты бағыныңқылы сабақтас сөйлем үлгісі: *kim tursa turğamen aniq bile* «кім тұрса, мен сонымен тұрамын». Сөйлемнің морфологиялық құрылымы: сұрау есімдігі + етістік + шартты рай жұрнағы + жіктік жалғау қызметін атқарушы I жақ, жіктреу есімдігі + ілік септігіндегі сілтеу есімдігі + құралдық септік көрсеткіші. Сөйлемнің синтаксистік құрылымы: бастауыш + шартты рай формасындағы баяндауыш + келер шақ көсемше формалы I жақтағы баяндауыш + жанама толықтауыш.

Салалас құрмалас сөйлем үлгісі: *ol kim turdi turdum anin bile* «ол тұрды, онымен бірге тұрдым». Сөйлемнің морфологиялық құрылымы: сілтеу есімдігі + субъекті мен объекті арасын байланыстырушы көмекші сөз + өткен шақтың III жағындағы етістік + өткен шақтың I жағындағы етістік + ілік септіктің III жағындағы сілтеу есімдігі + құралдық септік мағынасындағы көмекші сөз. Синтаксистік құрылымы: күрделі бастауыш + баяндауыш || баяндауыш + жанама толықтауыш.

Ескі қыпшақ ауызекі және жазба тіліндегі сөйлем ерекшеліктерін қарастыруда А. Хайианның мына пікірінің маңызы зор: «Сөйлемдердің жалпы құрылысы осы екі сөйлемде берілген қағидаларға ұқсастық көрсетеді: «Тұрған кім еді?» мағынасында *turgan kim idi* деумен қатар — *kim idi turgan* — деп те қолданылады; *kimler idiler turganlar* — деп те айтуға болады. «Кісілер шығып кетіп еді» мағынасында *ciqmişlar idi kişiler* деумен қатар — *kişiler şiqmişlar idiler* — деп те айтылады».

Қорыта айтқанда, шағын мақала көлемінде ескерткіш мәтінінде қамтылған ескі қыпшақ және ескі түрікмен ауызекі және жазба тілдерінде қолданылады деп көрсетілген 40 шақты сөз тіркестері мен сөйлем үлгілерін өзгедей де жазба ескерткіштер материалдарымен салыстыра зерттеу қажет. Себебі ескі қыпшақ тілінің, қала берсе жалпы түркі тілдерінің тарихи синтаксисі туралы зерттеу жұмыстары өте баяу жүргізіліп келеді.

ӘДЕБИЕТ

1. لغت‌الادراك لىلسان‌الادراك. تاليف اشير ابى حيان لاندلسى.
2. Caferoğlu A. Абы-Найжан. Kitab al-Idrāk li-lisān al-Atrak. Istanbul, 1931.
3. Сөдуақасұлы Ж. Қазақ тіліндегі бір құрамды сөйлемдердің құрылымдық типтері (етістік бас мүшелі сөйлемдер): ДДА. Алматы, 1997. 35-б.
4. Дүйсенбекова Л. С. Қазіргі қазақ тіліндегі бұйрық райдың парадигмасы мен мағыналық құрамы: ҚДА. Алматы, 1998. 21–22-бб.